

экономика ғылымдарының кандидаты
Сүлейман Демирел атындағы университет

Abstract. Specifics of organization of accounting related to the use of innovative technologies have been considered. The crop production cost has been determined, depending on technological characteristics of agricultural sector. Methodological recommendations on direct production costs have been developed, overhead costs associated with their distribution objects have been determined. The research results will find practical application in financial activities aimed at production cost reduction, identification of the reserves to improve crop production sector efficiency. Accounting of expenditures on expenditure items in crop production, as well as their distribution in economic processes have been foreseen. The direction of spending and the importance of accounting technological processes have been presented aimed to provide expenditure control and identification of product cost account. Proposals on improvement of

Түйін сөздер: Аграрлық сектор , агробизнес, ауыл шаруашылық саласы, өсімдік шаруашығы, өндіріс шығындары, өнімнің өзіндік құны, шығындар, ауыспалы шығындар, тұрақты шығындар, жанама шығындар, астық дақылдары, аяқталмаған өндіріс.

Key words: agrarian sector, agribusiness, agricultural sector, crop production, production costs, cost of production, spending, variable costs, fixed costs, indirect costs, cereals, unfinished production.

Осыған байланысты өсімдік шаруашылығындағы есепті дақылдар бойынша, бригада түрлері бойынша жасау керек. Және де дақылдарды өсіру кезінде дақылдың әр түріне жекелей жұмыстар жасалады, сондық-

Біздің пікірімізше, тракторды пайдалану бойынша (машина-тракторлар паркін) шығындарды есепке алуды едәуір жеңілдетуге бо-

лады. 8 бөлімнің – 8300 «Көмекші өндіріс» шотының құрамындағы «Машина-тракторлар паркін пайдалану және ұстау» ішкі шотында тракторларды пайдалану шығындары көрсетіледі [1]. Біріншіден, «Машина-тракторлы парк» ішкі шотын ашып, осы шоттың дебеті бойынша келесі тармақтар түрлері бойынша шығындарды есепке алуды ұйымдастыру керек:

- ✓ Еңбекақы төлеу
- ✓ Әлеуметтік салық төлеу
- ✓ Жанар-жағармай материалдары

(мұнай өнімдері)

- ✓ Ағымдағы жөндеу
- ✓ Негізгі құралдардың тозуы
- ✓ Басқа шығындар

«Еңбекақы төлеу» тармағы бойынша желіде жұмыс атқаратын трактор жүргізушілерінің еңбекақысы ескеріліп, сонымен қатар, трактор бригадасының бригадирінің еңбекақысы айқындалады. Бұдан былай, жеке бағандарда еңбек төлемдеріне аударымдар да жазылады: алдыңғы төлемдер қоры (жұмыс өтілі үшін үстеме төлем, демалыс төлемдер, натуралды төлем) . Егер олар қожалықта бар болса, әлеуметтік салық бойынша аударымдар тармағында көрсетілген есептеулерді осы мақсаттағы шығындарға қарай анықтайды. Трактор жүргізушілерінің жөндеу және басқа жұмыс түрлері үшін еңбекақысына келетін болсақ, олар бұл шотқа енгізілмейді, тек «ағымдағы жөндеу» шығындары деп есепке алынады [2].

«Жанар-жағармай материалдары» (мұнай өнімдері) тармағы бойынша жұмсалған жанар-жағармай материалдары есепке алынады.

«Ағымдағы жөндеу» тармағына сай ай сайын трактор паркі бойынша жоспарланған шығындарға сәйкес аударылатын сомалар айқындалады.

«Негізгі құралдардың тозуы» тармағы бойынша тракторлар, көлік тұрағы, жабдықтар бойынша толық қайта қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдар сомалары ескеріледі. Жыл ішінде бұл бағанда ай сайын 12-ге бөлінген жылдық жоспарлы амортизацияға тең болатын «Амортизация қорының» аударымдарының сомасы көрсетіліп отырады.

«Басқа шығындар» тармағы бойынша жеке бағанда машина-трактор паркі шығындары, арнайы жұмыс киімін, құралдарды пайдалану шығындары және қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуге жұмсалған шығындар, автокөлік қызметі, су-электр қамсыздандыру шығындары көрсетіледі.

Ішкі шот кредиті бойынша бір айға шаққанда және жыл басынан трактор жұмыстары бірлігінің жоспарлы өзіндік құны бойынша есептелген, құнды мәндегі және шартты

эталонды гектарлармен санағандағы трактор паркінің атқарған жұмысын есепке алады.

Алайда, айта кететін жайт, осы талдамалы шоттың дебеті бойынша есепке алынған шығындарды есептен шығару механизмінің ұсынылып отырғаннан елеулі айырмашылығы болуы мүмкін. Оның мәні мынада.

Машина- трактор паркін ұстау бойынша шығындарды жыл ішінде оның қызметін пайдаланатын тұтынушылардың барлық шоттарына (8100 басқа) «Қызметтер» тармағы бойынша есепке алынатын, орындалған жұмыс көлемдеріне пропорционалды, шартты эталонды гектардың жоспарлы құны арқылы қатыстыруға болады. Жылдың аяғында 8300 шотын жапқаннан кейін осылайша қатыстырылған шығындарды трактор жұмыстары бірлігінің қалыптасқан нақты өзіндік құнына сәйкес түзетеді. Машина-трактор паркінің шығындарын өсімдік шаруашылығы саласына есептен шығару принципі де осындай [3].

Шаруашылықта ұсынылатын машина-трактор паркінің шығындарын есепке алу және бөлу жүйесі есеп үрдісін жеңілдетеді, жұмыс көлемін қысқартады. Өнім өндірісі барысында ұйымда нақты шығындар жа-сайды, оған жұмысшылар мен қызметкерлер еңбекақысы, өндіріс құралдарының амортизациясы, жұмсалған тұқымдар, егу материалдары, тыңайтқыштар, жанар-жағармай, қызметтердің өзіндік құны және басқа шығындар кіреді. Олар ақшалай бағалауда өндірілген өнімнің өзіндік құнын құрайды. Ең алдымен, өсімдік шаруашылығындағы өндіріс шығындарының сыныптамасын ашу өзекті мәселе болып табылады. Шығындарды азайту көздерін анықтау үшін , яғни өнімнің де өзіндік құнын кеміту үшін өндіріс шығындарының дұрыс тағайындалған сыныптамасы қамтамасыз етіледі.

Технологиялық үрдіске қатысты, негізгі шығындар – өнім, жұмыс, қызмет өндірісімен тікелей байланысты шығындар (материалдар, еңбекақы , аударымдар, құралдардың тозуы). Негізгі шығындар «Негізгі өндіріс», «Көмекші өндіріс» өндіріс шығындарын есепке алатын шоттарда есептеледі. Басқаша оларды шартты ауыспалы деп атайды.

Өнімнің өзіндік құнына енгізу әдісі бойынша, тікелей шығындар – өнім, жұмыс, қызметтің нақты түріне қатыстыруға болатын (шикізат, материалдар, жартылай дайын өнім, жұмысшылардың еңбекақысы) шығындар. Тікелей шығындар «Негізгі өндіріс», «Көмекші өндіріс» шығындарын есепке алатын шоттарда есептеледі.

Жанама шығындар – өнімнің барлық түрлеріне бір уақытта қатыстырылатын шығындар (жарықтандыру, жылыту, жалпы-өндірістік және жалпышаруашылық шығындар) есептеледі және айдың соңында өнім,

- ✓ Өндірістік жұмысшылар еңбекақысы;
- ✓ Материалды шығындар;
- ✓ Тікелей шығындар;
- ✓ Сатудан түскен пайда.

Тұрақты шығындар – шығарылатын өнім көлеміне тәуелсіз шығындар – жарықтандыру, жылыту шығындары өндіріс толығымен тоқтап қалған жағдайда да болады [4].

Өсімдік шаруашылығында шығындарды есепке алудың мынандай ерекшелігі – аталған нысандармен қатар есептеу өсімдік шаруашылығында пайдаланылатын негізгі қорлар бойынша бөлінбеген амортизациялық есептеулер; негізгі қорларды ағымдағы жөндеу бойынша шығындар; бөлуге келетін сулан-дыру шығындары; бөлуге келетін кептіру шығындары, сүрлеу бойынша шығындар ерекше көрсетіледі. Ағымдағы жылдың егісі, сонымен қатар болашақ жыл егісі шығын-дарын есепке алуды ұйымдастыру әр тал-дамалы шотта тармақтар түрлері бойынша жасалады. Аяқталмаған өндіріс бойынша тал-дамалы шоттарда есеп жүргізу көрсетіп отырғандай, жұмыстардың бір түрі бойынша шығындарды бірден астық дақылына

тыстыруға болады, басқа жұмыстар бойынша олай жасау мүмкін емес. Астық дақылдары бойынша шығындар есептік жылдың күзімен анықталады. Осыған байланысты дүмбе астықты егу бойынша жұмыстарды топырақты даярлау, тыңайтқыш себу, тұқым себумен байланысты шығындарға есептен шығару керек. Мұнда астық дақылдары бойынша жұмыстарды орындауға байланысты аяқталмаған өндіріс бойынша шығындар есебін қарастыру қажет. Өндіріс саласында аяқталмаған өндірістегі шығындарды есепке алуды ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың артықшылығы сол, астық дақылдарын өңдеу бойынша өндірістік үдеріс күнтізбелік жылмен шектелмейді.

Болашақ жылдар егінінің шығындарын жұмыс түрлері бойынша жеке талдамалы шотта есепке алады. Себебі, бұл егістіктерде қандай астық дақылдарының егілетіні белгісіз.

Аяқталмаған өндіріс шығындарын ағымдағы жылғы егіннің астық дақылдары бойынша есептен шығару келесі жолмен жасалады.

Жоғарыда аталған ауыл шаруашылығы саласындағы күрделі мәселелер тек бір ғана кәсіпорынның өзекті мәселесі ғана емес, сонымен қатар аймақтағы ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын шаруашылықтардың бәріне тән. Сондықтан өсімдік шаруашылығындағы өндірістік процесті үздіксіз жүзеге асыру мақсатында салада басқару есебін жетілдіру, кәсіпорындардың ұйымдастыру мен басқару құрылымын оңтайландыру өте маңызды.

[illegible]

Аграрная политика: механизм реализации



1 Кеулимжаев К.К. Производственный и управленческий учет: Учебное пособие. – Алматы : Экономика, 2011. – 330 с.

2 Тайгашинова К.Т. Организация учета затрат на производство продукции растениеводства и исчисление ее себестоимости: Учебное пособие.– Алматы : Изд. дом. БИКО, 2007. – 30 с.

3 Андрейчикова Ж.В. Калькуляция себестоимости продукции сельского хозяйства: учебное пособие.- М.: Новое значение, 2007.- 127 с.

4 Тайгашинова К.Т. Басқару есебі: Оқу құралы.–Алматы: LEM, 2011.–332 б.

5 Нажикбаева К. К. Бухгалтерский учет в сельском хозяйстве: Учебное пособие.– Алматы: LEM, 2013. –164 с.

Pajdalanylran әdebietter tizimi

1 Keulimzhaev K.K. Proizvodstvennyj i upravlencheskij uchet: Uchebnoe posobie. – Almaty : Jekonomika, 2011. – 330 s.

2 Tajgashinova K.T. Organizacija ucheta zatrat na proizvodstvo produkci rastenievodstva i ischislenie ee sebestoimosti: Uchebnoe posobie.– Almaty : Izd. dom. BIKO, 2007.– 30 s.

3 Andrejchikova Zh.V. Kal'kuljacija sebestoimosti produkci sel'skogo hozjajstva: uchebnoe posobie. – M.: Novoe znachenie, 2007. – 127 s.

4 Tajgashinova K.T. Baskaru esebi: Оқу құралы.–Алматы: LEM, 2011.–332 б.

5 Nazhikbaeva K.K. Buhgalterskij uchet v sel'skom hozjajstve: Uchebnoe posobie.– Almaty: LEM, 2013. –164 s.
